ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

120014, Республика Казахстан, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Айтеке би, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

18.07.2023 № 4360-23-5-29/9502

2-947/23

«№3 қалалық емхана» ШЖҚ КМК

Талап қоюшы «№3 қалалық емхана» ШЖҚ КМК-ның жауапкер ИП Сейтбенбетов - Берик Алмасбекович Сейтбенбетовке мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық іс бойынша 06.06.2023 жылғы заңды күшіне енген шешім көшірмесі орындау үшін жолданады.

Қосымша: Шешім көшірмесі 2 парақта.

Төраға **Б.Елшібеков**

Орынд.: Хабиев О. А.
тел.: *8-7242-55-98-49, 8708-440-95-93 сот отырысы «WhatsApp» мобильдік қосымшасының қолдануымен өткізілетіні хабарланады., 724-2469@sud.kz*

Құжатты жасаған: ХАБИЕВ О. А., 8-7242-55-98-49, 8708-440-95-93 сот отырысы «WhatsApp» мобильдік қосымшасының қолдануымен өткізілетіні хабарланады., /
Құжатқа қол қойылған: ЕЛШІБЕКОВ Б. Е., 18.07.2023 22:23

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «№3 ҚАЛАЛЫҚ ЕМХАНАСЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ
Нөмірі 661
«26» 07 2023 ж.

360-23-5-29/9502 18.07.2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 6 маусым №4360-23-00-2/947 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
А. Абдраимованың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№3 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Сейтбенбетов – Берик Алмасбекович Сейтбенбетов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А. Прмағанбетов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 14 наурыздағы №9497691-ЗЦП1 бағалы ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттама негізінде, 2023 жылғы 16 наурызда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №44 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1, 2-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға ақпараттық өңдеу бойынша қызметтерін жалпы сомасы 1 745 000 теңгеге Шарт жасалған күннен бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін орындауға міндеттенген.

Жацуапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамаған, сотқа талап қоюына пікір ұсынбаған.

Талап қоюшы сотқа жолдаған талабына сәйкес жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Сотта талап қоюшының өкілі талабын қуаттап қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сотқа жазбаша пікірін ұсынбады және сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғанымен, сот отырысына дәлелсіз себептермен қатыспағандықтан, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4,6-бөліктеріне сәйкес, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартта көрсетілген міндеттемесін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Тараптардың арасында жасалған Шарт бойынша жауапкер ақпараттық өңдеу бойынша қызметтер міндеттемесін орындамаған.

Сот, жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қоюшының талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады деп есептейді.

Талап қоюшы талап қоюмен сотқа 2023 жылдың 2 мамырда заңмен белгіленген мерізім ішінде жүгінген.

Сонымен бірге, АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№3 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының талап қою қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 13.06.2023

Жауапкер жеке кәсіпкер Сейтбенбетов – Берик Алмасбекович Сейтбенбетов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Сейтбенбетов – Берик Алмасбекович Сейтбенбетовтен мемлекеттік пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Умарсирикова**

Көшірмесі дұрыс.

Төраға **Б.Е. Елшібеков**

Анықтама: Шешім 14 шілде 2023 жылы заңды күшіне енді.

Төраға **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 15.06.2023